

ӘОЖ 82.0

О. ДОСБОСЫНОВ АЙТЫСТАРЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ

Ақбаба Нүрия

Nana_kerei@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің 2-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – ф.ғ.д., профессор А.Д. Әлтай

Айтыс – тамыры тереңнен нәр алған, заман озған сайын жасарып, ұлтпен бірге түлеп келе жатқан жасампаз өнердің бірегей түрі. Ақындар айтысының дамуы да халықтың

тарихымен тікелей астасып жатыр. Бастауын фольклордан алатын асыл өнер қазіргі таңда жаңаша сипатқа ие болып дамып келеді. «Айтыс сөздерінің молдығы мен көп жайылғандығына қарасақ, қазақ елі ақындық теңізі сияқты көрінеді. Өзге жұрттың әдебиет тарихын өлең түріне бөлгенде, айтыс өлеңі деген бөлім, не жоқ болады, не болмаса өте аз кездеседі» деп М. Әуезов айтқандай, қазақтың айтыс өнері – өзіне ғана тән ұлттық құндылық [1, 173]. Ауыз әдебиетінен нәр алған кейінгі айтыс ақындары әрқайсысы өз заманында айтыстың қалыптасқан дәстүрін ұстана отырып, жаңашылдық енгізіп отырды. Ғасырдан жеткен мұраны тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қарқынды дамыды деп айта аламыз. Сол кезеңнің белді өкілі – Оразалы Досбосынов.

Ақын туралы: «Оразалы ескілерден қалған із, солардан қалған жұрнақ еді. Ол айтысқа түскен сайын кешегі Сүйінбай, Жамбыл, Шөже, Кемпірбай, Кенендерді көз алдыма елестетуші едім. Оразалыда жасанды сөз болмайтын. Әуені де орнықты шығатын. Ол өзінің қысқа ғана ғұмырында тыңдармандарын алдаған жоқ. Және олардың көңілінен шыға білді. Біз Оразалыдан үлкен үміт күтетінбіз. Түбі алысқа шабатын ақын еді. Өмірден ерте өтті. Бірақ Оразалы қазақтың бүгінгі айтысында жарқын ізін қалдырып кетті. Оразалыға еліктейтін ақындар қазір де аз емес. Ол қай заманда да, қай кезде де қазақ барда сонау ертеден бастап бертіңгі дәуірдегі жаңа замандағы тәуелсіздікті жарқырата жырлаған ақындардың санатында болады» деген естелік айтады академик ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков. Көнеден қалған ізге балағаны бекер емес екені белгілі. Себебі ақынның әрбір айтысында айтылған шумақтары фольклормен астасып, өзінен сан ғасыр бұрын өткен ақындардың дуалы сөзімен қабысып жатады. Оразалы Серік Құсанбаев пен айтысында:

*Дейсің зой, қайдан шыққан кереметсің,
Сөзіңді деп тұрғам жоқ елемеспін.
Қолға алып домбырамды шыққанымда,
Әр сөздің түбін тауып шегелеппін,
Кешегі Сүйінбай мен Құлмамбеттің
Артында қалған, шіркін, көбелекпін [2, 206], –*

деп жырлап өтеді. Қазақ тарихында аты қалған сөз сүлейлерін өзінің үлгі тұтатынын айтады. Бұл оның бала кезінен ауыз әдебиетіне қанып өскенін, жыраулар мұрасын, өзінен бұрынғы айтыс ақындарының мұрасын терең меңгергендігін аңғартса керек.

«Айтысқанда екі күрескен балуандар сияқты, бірін-бірі аңдиды, бірін-бірі бағады. Күрескендегі бірін-бірі жығу үшін істейтін әдіс-амалдарды, тәсілдерді мұнда да пайдаланады. Айтысқанда жай сөзбен айтыспай, өлеңмен айтысады. Сондықтан өлеңмен ғана айтысу – айтыс деп аталады. Өлеңсіз айтыстың аты әзіл-ерегес болады. Бәлки өлең айтыста о басында әзілден, ерегестен шыққан шыққан болар. Бірақ бұл күнде айтыс деп өлең түріндегісі ғана аталады» деп жазады Ахмет Байтұрсынов [3, 13]. Қай заманда болмасын айтыс ақынының мақсаты – қарсыласын сөзден ұтуы, сүріндіру, жеңіс тұғырына көтерілу. Осы жеңіске жету үшін әр кезең ақындарына тән әдіс-тәсілдер бар. Мысалы, Жетісудың жүйрігі, «Құланаян Құлмамбет» атанған Құлмамбет өзінің өрлігін жырлап қарсыласын мұқалтуға тырысады. Өзіндік менін асыра сипаттау арқылы қарсыласын қапыда қалдырғысы келеді. Мұндай тәсіл барлық сол кезең ақындарына тән десек, артық айтқандық емес. Түбек ақынмен айтысында Құлмамбет:

*Бай болсаң, бұл араға келдің нағып,
Алжығанда қайтесің өлең бағып.
Сескенетін мен емес құр сесіңнен,
Шамаң келсе жібергін жерге қағып [4, 19], –*

деп қарсыласын қағыта сөйлейді. Тура осындай қағытулар Оразалы мен Ринат Зайытовтың айтысында кездеседі. Оразалы:

*Жұлқынасың сахнада,
Айтақынның жынындай.
Еңкейіп алып отырсың,*

*Есеймей жатып бойына,
Ертоқым салған құлындай,
Түсінем қайтіп мұныңды-ай? [2,180] –*
деп сынағанда, Ринат ақын былай деп жауап береді:
*Монтиып бұл отырған кезіңде, аға,
Қайтесің қадамыңды қауіпті етсем.
Жұлтқынтпай көрейінші осы арада,
Қара жерге қазық қып қағып кетсең [2,183].*

Бұған Оразалы ақын: «Мен сені қазық қылып қаққанымша, жақсылықпен жіберейін табыстырып» деген сыңайда жауап береді. Салыстыратын болсақ, Құлмамбет пен Түбек ақынның айтысындағы «қара жерге қазық қылып қағу» тіркесінің Ринат пен Оразалы айтысында да көрініс табуын – сәйкестік емес, дәстүр сабақтастығы деуге болатындай. Екі айтысқа да қазақтың «Қағуы келіссе киіз қазық жерге кіреді» деген мақалы негіз болып тұр. Намысқа тиіп сөйлеу, мұқалта, қағыта сөйлеу Сүйінбайдан бергі айтыс ақындарының бәріне тән әдіс десек қателеспейміз. Ақынның ішкі қуаты айтыс майданында сөз тауып айтуымен, суырып салуымен өлшенетінін ескерсек, осы дәстүрді О. Досбосынов айтыстарынан анық байқауға болады.

Айтыстағы қарсыласын ұтудың дәстүрлі әдісінің бірі: өзінің бағасын өзі көтеріп, кестелі көркем жырмен қарсыластың мысын басу екені белгілі.

*Ел жатыр бізді күтіп есі қалмай,
Біз болсақ отырмайық көсіле алмай.
Қиыннан қиыстырып сөз сөйлейік,
Бит қабығымен биялай тоқығандай.*

Көркем оймен көсіле сөйлеп, өзінің ақындық қуатын көрсетуді Жамбыл, Кенен сияқты бұрынғы өткен ақындардан байқаймыз. Тура сол сияқты құнарлы сөз бен тұшымды ойды өз қатарластарынан озық айта білген Оразалы Досболсынов деп бағалауға болатындай.

«Қазіргі айтыс» жинағын үш том етіп жариялатқан филология ғылымдарының докторы, профессор М.Жолдасбеков кейбір кемшіліктерді атап өткен: «Сөзге әуестену, қайталаудың көптігі, ырғақтағы кедейлік; қазіргі ақындардың өзіндік «Мені» әлсіз; өзін-өзі кемсітудің, орынсыз қорланудың бір түрі – қарсыласын мақсатсыз мақтау; Қоғамның жақсылығын көрмей, орынсыз ғайбаттау». Ораздың айтыстарын қарап отырсақ, осы айтылған кемшіліктердің ешқайсысын таба алмаймыз. Өзіндік «Мені» қалыптасқан ақын екенін біз мына жолдардан аңғара аламыз:

*Мен деген, Дәулеткерейім,
Көсем сөзге келгенде,
Көк найза едім толғаулы.
Адасқан сендей оқ өтпес,
Ақ сауыт едім торлаулы.
Шынашақтап шырпымын,
Шытырлатып өртейін,
Қалыңда қара орманды! [2,73] –*

деген жолдарынан баяғы батырлықтың екпіні байқалады. Өзіндік «Мені» көзге оттай басылады. Жыраулар поэзиясындағы «Мен, мен едім, мен едім» деп жырлаған Махамбеттің екпінін көргендей боламыз. «Әрбір жеке ақындар айтысының бас-басына өзіндік ерекшеліктері болғанымен, солардың көбіне ортақ бірнеше жалпылық мазмұн мотивтері де бар. Жеке айтыстарды талдауға көшпей тұрып, мұндай айтыс атаулыға ортақ сондай үнемі кездесетін жайға тоқталайық. Қай мазмұнға арнап айтысса да, жеке ақындар айтысында ең алдымен айтыстың бас геройы – ақындардың өздері туралы сөз қозғалады» [6, 27] деп М. Әуезов айтқандай, ақынның ішкі қуаты осы сөз сайысында көрінеді.

Қоғамның ақ пен қарасын айырып, тереңнен талдау жасап, жақсысын мақтап, жетпеген жерін жырымен түйреп, астарлап жеткізген адал ақындығын аңғарамыз. Өзінен бұрынғы ақындардың айтыстағы дәстүрлерін ала отырып, өз үнін жаңа заманға сай етіп жеткізген

тұлға. Дәулеткерей мен Оразалының айтысында сөзбен қағыту, мысын баса сөйлеу, көркем сөзбен сес көрсету басым. Дәстүрден ауытқымай көркем сөздің көгенін ағытқан жыр сайысы болған.

*Ойларың оттай ақынсың,
Оюланған тұмардай.
Менен үркіп отыр ма,
Сөзің жатыр құралмай.
Ойларың жатыр шыға алмай,
Ақсақ Темірден қашып,
Тентіреп кеткен сығандай [2, 76], –*

деп толғап айтқан жырларынан біз тарихты да жетік меңгерген ақын екеніне куә боламыз. Жыраулар поэзиясындағы толғау сарынының айтыста жаңаша жаңғыруы десек те болар. Бұл «сөзбен мұқалту» тәсілі қазіргі айтыста да, бұрынғы айтыста да жиі қолданылған. Қазір де қолданылып келеді. Айтыскерге тән қасиет «тапқырлық», «ұтымды сөз табу» десек, Оразалы Досбосынов сол тұғырдың биігінен көріне білген еді.

«Айтыс өлеңді сөз болған соң оған ақындық керек. Ақындықтың үстіне әдіс керек. Күрескенде күшке әдіс серік болу сияқты ақындыққа да әдіс серік болады. Әдісі жоқ әйдік ақынды әдісті анау-мынау ақын жеңіп кетуі мүмкін» [6, 8] деп А.Байтұрсын ұлы нақты атап көрсеткендей айтыстың негізгі сапасы ақындықпен өлшенеді. Оразалы ақынның барлық айтысы тартысқа, ұтымды уәжге құрылған. Ауыз әдебиетін тал бойына сіңірген ақын айтысқа тыңнан түрен салды. Өзіндік сөз бедерін әкелді. Мақам жағынан да дараланып тұрды. Тілдік қолданысында эпитеттер, теңеулер жиі ұшырасады.

*Күміс сақал шалдарға ризамын,
Айтыс десе ат түгіл, атан түгіл,
АҚШ-тың да байлығын менсінбейтін [2, 80].*

Мұндағы «күміс сақал» сөзі қазақ танымына жат ұғым емес. Әдемі айтылған әсерлі салыстыру. Осындай тағы «ақ сақал» деген сөз бар. Соның орнына осы тіркесті қолдану өте әсерлі, шынайы шыққан.

*Қойторыдай көріндің
Шыбындап тұра беретін
Шылбыр мінсе шарбаққа [2, 80].*

Бұл жерде ақынның халықтың тұрмыс-салтын терең меңгергені көрінеді. «Қойторы» мал бағуға мінетін, өте жуас жылқы болса керек сол сипатты қарсыласқа таңып, керемет теңеу жасап отыр.

*Желтінбейін жеңдім деп,
Сүйінбайдай бабамдай,
Әшейін сүйкей салғаным [2, 80].*

Бұл тармақтар да ақынның өзінің ішкі «Менінің» қалыптасқанын көруге болады. Дәстүр жалғастығы осыдан-ақ көрініп тұр. Қырғызды жеңген Сүйінбайды сөз ету арқылы тектіден қалған тұяқ екенін қарсыласқа жақсылап ұқтырады. Терең сөзімен лайықты мұрагер екенін дәлелдейді.

Ақынның сөздік қоры мол, ойы орамды, қиялы ұшқыр болса ғана көрерменіне керемет әсер қалдыра алады. Көптің көңілінен шығудың ең оңай жолы – айтыста адал сөйлеп, көрерменін алдамау болса керек. Айтысты басқа өнерден даралап тұрған суырыпсалмалық болса, жазып жаттап айтқан шұрайлы сөздерден сол сәтте тауып айтқан бір шумақ артық деуге толық негіз бар. Айтыс ақынының қуаттылығы да осындай сәтте танылады. Дәстүр сабақтастығын үзбей, көненің көзіндей астарлы сөздерді сахнаға алып шығып, жіпке тізгендей етіп көрерменге жеткізген ақын жырының болашаққа берері мол.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
2. Көкейкесті әдебиеттану. 3-кітап. – Астана: Күлтегін, 2003, -264 б.

3. Қазіргі айтыс. 1-кітап. Құрастырушылар: И. Нұрахметұлы, С.Дүйсенғазин. – Астана: Күлтегін, 2004. – 270 б.
4. Құланаян Құлмамбет. «Сөзімнің қал сыймайды арасына...» / Құраст. Т. Әлібек. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 224 б.
5. Қазіргі айтыс. 2- кітап / Құраст. Н. Айтұлы, С. Дүйсенғазин. – Астана: Күлтегін, 2004. – 312 б.
6. Айтыстану: ғылыми жинақ. – Астана: Жалғас-Print, 2016. – 420 б.